



«БЕКІТЕМІН»:

Абай облысының білім басқарма басшысы

Т. Ахметкалиев

## «Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауының облыстық кезеңін өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. «Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, оны өткізу форматын және тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты: көркемдік қызметпен айналысу үшін жоғары уәждеме жасау, бейнелеу шығармашылығы саласындағы жас таланттарды қолдау, балалар мен жасөспірімдерді олардың даралығын, бастамашылығын ашу үшін ынталандыру, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Байқаудың міндеттері:

1) жас суретшілердің эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне жеке қызығушылығын тәрбиелеу;

2) қосымша көркемдік білім беруді дамыту, білім алушы тұлғасын тәрбиелеуде, оқытуда және шығармашылық дамытуда балалар көркемсурет мектептерінің рөлін арттыру;

3) қатысушылардың ой-өрісін, олардың көркемдік қабілеттерін, дағдыларын, қиялын және даралығын көрсету мүмкіндігін кеңейту.

4. Абай облысы білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК **қашықтық форматта** өткізеді.

5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамдарын байқау ұйымдастырушылары қалыптастырады, қорытындысын шығарады.

### 2. Байқауды өткізу мерзімі

6. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары хатты **2024 жылғы 10 мамырға** дейін [korkem.daryn@mail.ru](mailto:korkem.daryn@mail.ru) электрондық пошта арқылы жібереді.

7. Хатқа қосымша:

1) өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған Т. А., туған жылы, сыныбы, оқу орны, білім беру ұйымының мекенжайы мен үйі мекенжайы, телефоны);

2) топ жетекшісінің Т. А. Ә, жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;

3) байқау жұмыстардың фотосуреттері.

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығы үшін жіберуші тарап жауапты болады.

8. Байқау қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздар

жетекшілерінің алғыс хаттары, қатысушылардың сертификаттары 2024 жылғы 24 мамырда <https://abaidaryn.kz/ru/> сайтында орналастырылады.

### 3. Байқауға қатысушылар

9. Байқауға аудандық/қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – 10-17 жас аралығындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады: 10-13 жас, 14-17 жас.

### 4. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі

10. Байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік; аудандық

(қалалық);

облыстық;

2) екінші кезең – республикалық.

11. Байқауға әр қатысушыдан 1 жұмыс қабылданады. Байқау жұмыстары кез-келген техникада (акварель, май, пастель, қарындаш, гелий қаламы, түрлі-түсті қарындаштар, аралас техника) кез-келген материалда (картон, қағаз, кенеп, т.б.) орындалады. Сурет тақырыбы байқау шарттарымен шектелмейді.

Жұмыстың ең аз мөлшері: 30x40 см-ден, бірақ 55x65 см-ден аспайды (ресімдеуді есепке алмағанда). Барлық жұмыстарда авторы (Т. А.) көрсетілуі керек және 12 см x 4,5 см өлшемді жапсырма (паспарту) болуы тиіс.

Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың анық оқылатын автор туралы мәлімет орналастырылады: аты, тегі, жасы. Файл параметрлері: jpg пішіні. Қатысушылар сурет салу процесін көрсететін кем дегенде 3 (үш) фотосуретті ұсынады.

Барлық жұмыстар түпнұсқаны сканерлеу, суретке түсіру немесе компьютерлік графикалық редактордың көмегімен жасалған электрондық көшірмелер (JPEG форматы) түрінде қабылданады. Мәтіндік түсініктемелердің болуы міндетті: жұмыс аталуы, орындау техникасы.

12. Байқау жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

#### Бағалау критерийлері:

- көркемдік тұрғыдан жұмыстың сапасы мен кәсібилігі;
- авторлық тәсілдің өзіндік ерекшелігі және тақырыпты ашу тереңдігі;
- бейнелілік, эмоциялылық, мәнерлілік;
- түсті шешімдер.

### 5. Байқауды қорытындылау

13. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен қатысқанын туралы сертификаттармен марапатталады. Қатысушыларға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Анықтама телефоны: 8701 338 40 55.

**«Бояулар күшнәсы» жас суретшілердің республикалық байқауының  
облыстық кезеңіне қатысуға өтінім**

№ п/п	Қағысушының Т. А.	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы немесе мектептен тыс ұйымның аталуы	Тұрғылықты мекен-жайы, (индекс, облыс, қала, ауыл, үйдің, пәгердің №, ата-ана телефоны)	Туған күні	Педагогтің Т. А. Ә., байланыс
<b>10-13 жас санаты (әр өңірден 3 адам)</b>					
1					
2					
<b>14-17 жас санаты (әр өңірден 3 адам)</b>					
1					
2					